

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

---

**Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства**

**Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік  
құйма жабындарын орнату бойынша жұмыстар  
өндiрiсi**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ**

---

**ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА**

**производства работ по устройству полимерных  
наливных полов из полиуретана**

**ТК 3.02-01-2011**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства  
и жилищно-коммунального хозяйства**

**Астана 2011**

**ТК 3.02-01-2011. Технологиялық карта**  
**ТК 3.02-01-2011. Технологическая карта**

---

**Алғы сөз**

- |   |   |
|---|---|
| <b>1. ӘЗІРЛЕГЕН</b>                                     | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК және ОАО «ОРГСТРОЙ»  |
| <b>2. ҰСЫНҒАН</b>                                       | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті       |
| <b>3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ</b> | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 29.12.2011 жылғы №536 бұйрығымен 01.05.2012 жылдан бастап |
| <b>4. ОРНЫНА</b>  | алғашқы рет   |

**Предисловие**

- |  |  |
|--|--|
| <b>1. РАЗРАБОТАНЫ</b>                  | РГП «КазНИИССА» и ОАО «ОРГСТРОЙ»   |
| <b>2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ</b>                 | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| <b>3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ</b> | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 29.12.2011 года №536 с 01.05.2012 года   |
| <b>4. ВЗАМЕН</b>                       | впервые  |

**Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.**

**Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.**

**Мазмұны**

1 Қолдану аясы .....	1
2 Нормативтік сілтемелер.....	1
3 Жалпы ережелер.....	2
4 Негізінен қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамасы.....	3
5 Жұмыстарды ұйымдастыру және технологиялық өндіру .....	4
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік .....	13
7 Жұмыстар сапасына қойылатын талаптар .....	15
8 Техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау.....	22
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	24

**БЕЛГІ ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---

**ПОЛИУРЕТАННАН ЖАСАЛҒАН ЕДЕНДЕРДІҢ ПОЛИМЕРЛІК ҚҰЙМА  
ЖАБЫНДАРЫН ОРНАТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР ӨНДІРІСІ  
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ**

Енгізілген мерзім 2012.05.01

**1 Қолдану аясы**

1.1 Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату бойынша жұмыстарды өндірудің технологиялық картасы қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың (НТК) талаптарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған.

1.2 Технологиялық карта құрылысты құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, технология және механизация бойынша ұтымды шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада мыналар келтірілген:

- қолдану аясы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамасы;
- жұмыстар өндірісін ұйымдастыру және технологиялар;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыстар сапасына талаптар;
- қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.4 Осы технологиялық картадағы еңбек режимі жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, бригада жұмысшылары арасындағы міндеттерді нақты бөлу кезіндегі еңбек процестерін орындаудың оңтайлы қарқыны шартынан еңбекті бөлуді, құралдар мен құрал-саймандарды жетілдіруді қолдануды есепке ала отырып қабылданған.

**2 Нормативтік сілтемелер**

Осы технологиялық картада арнайы нормативтік құқықтық актілерге (НҚА) және нормативтік-техникалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

ҚР ҚНжЕ 1.03-05-2001	Құрылыстағы еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік.
ҚР ҚНжЕ 1.03-06-2002*	Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар мен имараттар құрылысын ұйымдастыру.
ҚР ҚНжЕ 2.04-10-2004	Оқшаулау және әрлеу жабындары.
ҚР ҚНжЕ 3.02-03-2003	Едендер.
МСТ 4.230-83	СПКП. Құрылыс. Әрлеу материалдары және әрлеуіш полимерлік бұйымдар. Көрсеткіштер номенклатурасы.
МСТ 12.0.004-90	ССБТ. Еңбек қауіпсіздігін оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.
МСТ 12.1.004-91	ССБТ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
МСТ 12.1.013-78	ССБТ. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
МСТ 12.1.046-2002	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары.
МСТ 12.4.011-89	ССБТ. Жұмыс жасаушыларды қорғау құралдары. Жалпы талаптар мен жіктемелер.
МСТ 8736-93*	Құрылыс жұмыстары үшін құм. Техникалық шарттар.
ҚР ӨҚЕ - 2006	«Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі ережесі». ЭОЕ «Электр қондырғыларын орнату ережесі» (Алматы, 2008).

Құрылыс, жөндеу-құрылыс және монтаждау жұмыстарына жекеленген нормалар мен бағалаулар (ЖНМБ) 8.04 – 1 – 2010:

№1 жинақ Ішкі құрылымдық көліктік жұмыстар.

Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жай-күйі бойынша жасақталған Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы Сәулет, қала салу және құрылыс саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің және нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша НҚА және НТҚ, сондай-ақ, ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА және НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде НТҚ ауыстырылған (өзгертілген) НҚА және НТҚ-ны басшылыққа алу керек.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ ауыстырусыз қабылданбаса, онда оларға сілтеме жасалған ереже бұл сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

### 3 Жалпы ережелер

3.1 Полиуретаннан жасалған полимерлік құйма жабындардың конструктивтік схемасы 1-суретте келтірілген.

3.2 Жұмыстарды жүргізу шарттары мен ерекшеліктері:

- полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабыны астына негіз (төсеніш) кемінде 20 МПа (200 кгс/см<sup>2</sup>) сығуға беріктік және 4% астам ылғалдылық бойынша сыныпты бетоннан жасалуы тиіс;

- полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабыны ауа температурасы 15 °С-тан төмен емес кезінде үй-жайда орындалады. Осы температура үй-жайда жұмыстар аяқталғаннан кейін тәулік ішінде қолдау табуға тиіс;

- полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату бойынша жұмыстар жақсы желдетілетін үй-жайда орындалуы тиіс;

- үй-жайда өтпе желге жол берілмейді;

- жабынның жағылатын қабаттарының саны, жекелеген қабаттарының қалыңдығы және жабынның жалпы қалыңдығы полиуретаннан жасалған полимерлік материалдардың қолданылатын түрлеріне жобалық құжаттамамен және қолданыстағы НҚА-мен айқындалады;

- едендер жабындарын орнату кезінде пайдаланылатын полиуретаннан жасалған полимерлік композициялар;

- полимерлік жабынның негізгі конструкциялармен жанасатын жерлері оқшаулануы тиіс;

3.3 В Технологиялық картамен қарастырылатын жұмыстар құрамына мыналар кіреді:

- *дайындық жұмыстары;*

- *негізгі жұмыстар:*

- еденнің құйма полимерлік жабындарын орнату;


- *қосалқы жұмыстар;*

- *аяқтау жұмыстары.*

3.4 Төменде жататын қабаттарды орнату (қабаттар, гидроокшаулағыш қабат, төсемдер мен еденнің төселетін қабаттары), осы технологиялық картада полиуретаннан жасалған едендердің дайын полимерлік құйма жабындары қарастырылмайды .

3.5 ҚР ҚНжЕ 2.04-10, ҚР ҚНжЕ 3.02-03, ҚР ҚНжЕ 1.03-05, ҚР ӨҚҚ, тиісті кәсіп жұмысшылары үшін техника қауіпсіздігі жөнінде нұсқаулық талаптарын сақтаған кезде бір-

екі ауысымда полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату бойынша жұмыстарды көздейді.



1 - негізі

2 – астарлық композициясының қабаты

3 – құйылатын композиция қабаты

### **1-сурет – полиуретаннан жасалған полимерлік құйма жабындардың конструктивтік схемасы**

3.6 Технологиялық картаны байланыстырған кезде, жұмыстың құрамын, механизациялау құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті нақтылау, сапаны бақылау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды түзету қажет.

#### **4 Негізінен қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамасы**

4.1 Едендердің құйма полимерлік жабындары Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын НТҚ сәйкес келетін және МСТ 4.230 бойыншасапа көрсеткіштеріне жауап беретін өздігінен тегістелетін құрамында полимер бар полиуретан композициялардан орындалады. .

Композицияны тағайындауға қатысты оларды мыналарға бөледі:

- еден жабыны үшін;
- астарлық;

Еден жабыны үшін композициялар (бұдан әрі мәтін бойынша құйма композициялар) екі немесе үш компоненттер түрінде жеткізіледі.

Астарлық композициялар бір немесе екі компонентті жеткізіледі.

Көп компонентті композицияларды композицияларды қолдану жөніндегі ілеспе техникалық нұсқаулықта көрсетілген қатынаста жағу алдында тікелей оларды мұқият араластыру жолымен дайындайды.

Объектіге композицияларды тасымалдау осы көлік түріне қолданылатын тасымалдау қағидаларына сәйкес жабық автомобиль көлігімен орындалады .

Композициялар ҚР ӨҚҚ, МСТ 12.1.004 өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес жабық қойма үй-жайларында оралған түрде сақталуға тиіс.

Әрбір оралған бірлік таңбалануға және оған материалдың толық атауы, оны қолдану тәсілі мен ауқымы көрсетілетін қолдану жөніндегі толық нұсқаулық ілесіп жүруге тиіс.

Композицияның әрбір партиясына сапа туралы құжат ілесіп жүруге тиіс.

Едендер жабындарын орнату үшін қолданылатын полиуретаннан жасалған полимерлік композициялар Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау істері жөніндегі уәкілетті органның санэпидемқадағалау органдарының рұқсатымен ғана қолданылуға тиіс.

«Өрт қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы 15-тармағына және «Өрт қауіпсіздігіне жалпы талаптар» техникалық регламентіне сәйкес құйма жабындарды дайындаушылар (жеткізушілер) жану, жалындау, үстіңгі бетіне жалынның таралуы, түтін жасайтын тәсілдері, жану өнімдерінің уыттылығы көрсеткіштерін, сондай-ақ олармен жұмыс жасағанда өрт қауіпсіздігі шараларын көрсетуге тиіс.

4.2 Қабаттар арасында жақсы қабысу болу үшін құм себу қолданылады. Құм ретінде жағылатын астарлы қалыңдыққа қатысты түйіршіктерінің қалыңдығы 0,1-ден 0,4 мм-ге дейін, 0,2-ден 0,7 мм-ге дейін немесе 0,7-ден 1,2 мм-ге дейін МСТ 8736 сәйкес келетін уақталған фракциялық кварцтық құм қолданылады.

4.3 Құрал-жабдықты және құрал-сайманды жуу үшін мынадай ерітінділер қолданылады: сольвент немесе соған ұқсас сипаттамасы бар басқалары.

## **5 Жұмыстарды ұйымдастыру және технологиялық өндіру**

### **5.1 Жұмыстарды өндіруді ұйымдастыру**

5.1.1 Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату бойынша жұмыс өндірісін бастағанға дейін:

- жұмыстарды жауапты басқарушыны тағайындау;
- жұмыскерлерді және ИТР жұмыс сызбаларымен, құрылысты ұйымдастыру жобасымен (ҚҰЖ), жұмыстар өндірісі жобасымен (ЖӨЖ) және осы техникалық картамен таныстыру;;
- жұмыстарды жауапты басқарушы жұмыскерлерді оқытсын және МСТ 12.0.004 сәйкес еңбек қауіпсіздігі туралы нұсқама беру, жұмыскерлерді еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен қолдарын қойғыза отырып таныстыруды қамтамасыз ету;
- барлық құрылыс-монтаждау жұмыстарын, әрлеу және арнайы жұмыстарды аяқтау;
- жобалық шешімге сәйкес еденнің барлық алға қойылған еден қабаттарын орындау;
- ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, ҚР ҚНЖЕ 3.02-03 ережелеріне сәйкес және көзге түспейтін жұмыстарды куәландыру актісін ресімдей отырып негізді қабылдау;
- жұмыс орнына материалдарды, құралдарды жеткізу қажет .

5.1.2 Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату бойынша жұмыстарды құрамында мыналар бар звено орындайды:

- синтетикалық материалдармен әрлеуші (бұдан әрі – мәтін бойынша - әрлеуші) – 4 разрядты (О1) – 1 адам;
- синтетикалық материалдармен әрлеуші (бұдан әрі – мәтін бойынша - әрлеуші) – 3 разрядты (О2, О3 ) – 2 адам;



Жұмыстар кешенінде 2 разрядты көмекші жұмыскерлер қатысады (Кж1).


5.1.3 Полиуретаннан жасалған едендер полимерлік құйма жабындарын орнату кезіндегі ұйымның схемасы 2-суретте келтірілген.

### **5.2 Жұмыстар өндірісінің технологиясы**

Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, ҚР ҚНЖЕ 3.02-03, ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ӨҚҚ талаптарына, жұмыстарды өндіру жобасына (ЖӨЖ) және осы технологиялық картаға сәйкес орындалады.

#### **5.2.1 Дайындық жұмыстары**

Техникалық персоналдан нұсқау алып, жұмыс жобасымен, жұмыстар өндірісінің жобасымен және осы технологиялық картамен қол қоя отырып, жұмысшылар звеносы қажетті құралдар мен материалдар алады.



1-қамту – құйма композицияны жағу;  
 2-қамту – астарлы композицияны жағу;  
 3-қамту – негіз дайындау

1 – қол арба; 2 – полимерлік композицияларды уақытша қоймалау және композицияларды дайындау учаскесі; 3 – полимерлік композициялар компоненттері бар ыдыс; 4 – флейцалық қылқалам; 5 – тісті шпатель (ракля); 6 – полимерлік композиция салынатын қабат; 7 – сылақ лентасы; 8 – астардың ажығалатын қабаты; 9 – сылақ орамы; 10 – электр шөтке; 11 – негіз; 12 – өнеркәсіптік шаңсорғыш; 13 – миксер; 14 – полимерлік композициялар бар ыдыс

○O1 ○O2 ○O3 - әрлеушілердің жұмыс орындары;

КЖ1 - көмекші жұмыскердің жұмыс орны

**2-сурет – Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату кезіндегі ұйымдастыру схемасы**

### 5.2.2 Негізгі жұмыстар

Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындары мынадай технологиялық кезеңділікпен орындалады:

- негіз дайындау;
- композициялар дайындау;
- құм себілген астарлық композицияларды жағу;
- құйма композицияларды жағу.

#### *Негіз дайындау*

Едендердің құйма жабындарын орнату алдында негіз оған кедір-бүдір беру үшін электрлі тегістегішпен тазартылады және өнеркәсіптік шаңсорғышпен шаңы алынады. Негізді химиялық әдіспен тазартуға (қышқылмен улауға және басқа) жол берілмейді.

#### *Композициялар дайындау*

Екі немесе үш компонентті композицияларды тікелей жағу алдында дайындайды. Нұсқаулығына сәйкес тепе-теңдіктегі компоненттерді әрбір композициядағы ыдысқа салады және миксермен (бұрғы, айналымы төмен, арнайы салғышы бар 600 айналым/мин.-нен аспайтын) үздіксіз араластырады.

Композицияны дайындау дайындаушы зауыт нұсқаулығына сәйкес компоненттерді араластырғаннан кейін композицияның жарамдылығы ішінде пайдалануға тиіс.

#### *Астарлық композицияны құм себу арқылы жағу*

Учаскенің (қамтудың) шекарасы сылақ лентасымен кілейленеді.

Астарлық композицияны жұмыстарды өндіру орнына береді және негізге барлық үстіңгі бетіне еш жерін қалдырмай жағады. Астар қабатының қалыңдығы НҚА талаптарына немесе оны қолдану бойынша дайындаушының нұсқауларына сәйкес, бірақ кемінде 0,1 мм болуға тиіс.

Астарды жаққаннан кейін сылақ лентасын алып тастайды.

Жаңа жағылған астарға кейіннен оның артықтарын алып тастай отырып кварцтық құм себеді. Құм түйіршіктерінің ірілігі астардың жағылған қабаты қалыңдығынан 1/3-тен аспауы тиіс. Құм қабатның қалыңдығы – оның фракциясының мөлшерінен аспайтын болуы тиіс.

Сылақ орамының көмегімен астарлық композицияны жағу 3-суретте келтірілген.

Астарлық қабатқа құм себу 4-суретте келтірілген.



**3-сурет – Сылақ орамының көмегімен астарлық композицияны жағу**



**4-сурет – астарлық қабатқа құм себу**

Құйма композицияны жағу

Құйма композицияны жағу астарлық қабат кепкеннен кейін және үстіңгі бетінен құмның артығын алып тастағаннан кейін орындалады.

Учаскенің (қамтудың) шекарасы сылақ лентасымен кілейленеді.

Композицияны жағу үй-жайға кіруге қарама қарсы қабырғадан басталады.

Құйма композицияны негізге құяды және үстіңгі бетке тісті шпательмен (раклемен) тегістеп жаяды. Содан соң ауаны шығару үшін үстіңгі бетінде арнайы инелі (деаэрациялы) орамды аунатады.

Қол жеткізу қиын жерлерді (батарея астын, есіктің астын, бұрыштарды және т.б.) құйма композицияны шпательмен (травельмен) жағады.

Құйма композицияны жағу 5-суретте келтірілген.



**5-сурет – құйма композицияны жағу**

### **5.2.3 Қосалқы жұмыстар**

Құрылыс объектісіне келгеннен кейін композиция компоненттерін автомобиль көлігінен объекті жанындағы қоймаға қолмен түсіреді.

Жұмыстарды орындау аймағына (композицияларды дайындау учаскесі) композиция компоненттерін қол арбалармен апарды.

Салатын жерге дайын композиция қолмен апарылады.

### **5.2.4 Аяқтау жұмыстары**

Жұмыс аяғында жұмыскерлер жұмыс орнын жинайды, қоймаға құралдарды, құрал-саймандарды және композицияның пайдаланылмаған компоненттерін мықты жабылған ыдыста тапсырады.

5.2.5 Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнатуға операциялық карта.

## 1-кесте - Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнатуға операциялық карта

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жасақтау, құрал-жабдық, құрал-сайман, керек-жарақтар), машиналар, механизмдер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
<b>Дайындық жұмыстары</b>			
Дайындық жұмыстары	-	4 разрядты әрлеуші (О1), 3 разрядты әрлеуші (О2, О3), 2 разрядты көмекші жұмысшы (Кж1)	Жұмыс бригадалары мен машинистер тапсырма алады, жобалық құжаттаманы, құрылыс ұйымдастыру жобасын (ҚҰЖ), жұмыстар өндірісінің жобасын (ЖӨЖ) және осы техникалық картаны оқиды, журналға қол қоя отырып күзет жөнінде нысаналы нұсқамадан өтеді, жұмыс орындарын әзірлейді, қоймадан құралдар мен керек-жарақтарды алады.
<b>Негізгі жұмыстар</b>			
Негіз дайындау	Электрлі тегістегіш машина, өнеркәсіптік шаңсорғыш	О2, О3	О2 негіздің үстіңгі бетін кірден, қоқыстан тазартады, сосын оған тегістілік беру үшін Электрлі тегістегіш машинамен тазартады. О3 негізді өнеркәсіптік шаңсорғыштың көмегімен қамтамасыз етеді
Композиция әзірлеу	Миксер (арнайы салғышы бар электр бұрғы),ыдыс	О3	О3 ыдысқа компоненттерді салады (өндіруші нұсқаулығында көрсетілген дозада) және бір констистенцияға дейін миксермен араластырады
Астарлы композицияны жағу	Сылақ нейлон орамы, флейцева қылқаламы, ыдыс, өнеркәсіптік шаңсорғыш	О1, О2, О3	О2 және О3 жұмыстар учаскесін (қамту) шекарасын сылақ лентасымен желімдейді О1және О2 дайындалған негізге астарлы композицияны сылақ орамының көмегімен жағады

## 1-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жасақтау, құрал-жабдық, құрал-сайман, керек-жарақтар), машиналар, механизмдер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
			<p>О3 қылқаламмен қол жетпейтін аймақтарға (батарея астына, есіктердің, бұрыштарда және басқалары) астарлы композицияны жағады</p> <p>О3 астарды түгелімен тегіс қабатпен құм себеді.</p> <p>О3 астар кепкеннен кейін құмның артығын үстіңгі беттен өнеркәсіптік шаңсорғыштың көмегімен алып тастау</p> <p>О3 астарлы композиция кепкеннен кейін сылақ лентасын алып тастайды</p>
Құйма композицияны жағу	Тісті шпатель (ракля), арнайы инелі орам, шпатель	О1, О2, О3	<p>О2 және О3 сылақ лентасымен жұмыстар (қамту)учаскесін сылақ лентасымен желімдейді</p> <p>О1 және О2 дайындалған негізге тісті шпательдің (раклейдің) көмегімен құйма композицияны жағады, оны тегістейді.</p> <p>О3 қол жетпейтін бұрыштарға (батарея астына, есіктерге, бұрыштарға және т.б.) құйма композицияны жағады.</p> <p>О1 және О2 жағылған композициядан ауаны шығару үшін үстіңгі бетіне инелі орамды аунатады</p> <p>О3 құйма композиция кепкеннен кейін сылақ лентасын алады</p>

**1-кесте (жалғасы)**

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жасақтау, құрал-жабдық, құрал-сайман, керек-жарақтар), машиналар, механизмдер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
<b>Қосалқы жұмыстар</b>			
Қосалқы жұмыстар	Қол арба	Кж1	Кж 1 автокөлік құралына композиция компоненттері бар ыдысты тиейді, қоймада материалдарды арбаға тиейді, жұмыстарды орындау аймағына апарады, түсіреді және қоймаға орналастырады, қоймаға бос қайтады.
<b>Аяқтау жұмыстары</b>			
Аяқтау жұмыстары		О1, О2, О3, Кж	Жұмысшылар құрал-жабдықты тоқ көзінен ажыратады, құрал-жабдықты ерітіндімен жуады, құрал-жабдықты, керек-жарақтарды, пайдаланылмаған материалдарды қоймаға тапсырады,



## 6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату кезінде пайдаланылатын материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі 2-кестеде келтірілген.

### 2-кесте - Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату кезінде материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі

100 м<sup>2</sup> еден жабынына

№ р/с	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	Астарлық композиция	Жоба бойынша	кг	Жоба бойынша
2	Құйма композиция	Жоба бойынша	кг	Жоба бойынша
3	Кварцтік құм	МСТ 8736	м <sup>3</sup> /кг	0,01/15
4	Сылақ лентасы ені 5 см	-	м	40
5	Ескі-құсқы	-	кг	1,0

6.2 Машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, технологиялық жасақтардың, құралдардың, құрал-жабдықтардың және керек-жарақтардың тізбесі 3-кестеде келтірілген.

### 3-кесте - Машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, технологиялық жасақтардың, құралдардың, құрал-жабдықтардың және керек-жарақтардың тізбесі

№ р/с	Атауы	Мақсаттылығы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Зvenoға саны, дана
1	Салғыштары бар электрлі тегістегіш машина	Негіз дайындау	Қуаттылығы– 1200 Вт, 230 В/50 Гц/140 мин <sup>-1</sup> /43-48 кг/420 мм	1
2	Өнеркәсіптік шаңсорғыш	Негіз дайындау	Қуаты - 1200 Вт	1
3	Миксер (арнайы салғышы бар электр бұрғы)	Композициялар дайындау	Аз айналмалы – 600 об/мин	1
4	Ыдыс	Композициялар дайындау	Көлемі – 30 л (10 л)	3 (3)
5	Тісті шпатель (ракля)	Композицияларды негізге жағу	-	2
6	Шпатель	Композицияларды негізге жағу	-	1
7	Сылақ орамы	Композицияларды негізге жағу	-	1

## 3-кесте (жалғасы)

№ р/с	Атауы	Мақсаттылығы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Звеноға саны, дана
8	Арнайы тікенекті орам	Композицияларды негізге жағу	-	2
9	Флейцева қылқаламы	Композицияларды негізге жағу		1
10	Қол арба	Материалдарды жұмыс орындарында беру	-	1
11	Байланыстық термометр	Негіз температурасын өлшеу	Өлшеу диап. 0 °С -ден 100 °С-ге дейін, қателесу 1 °С аспауы керек	1
12	Ылғал өлшегіш	Негіздің ылғалдылығын өлшеу	Қателесу 10%-дан астам	1
13	Термометр	Үй-жайдағы ауаны өлшеу	Бөлу бағасы 1 °С	1
14	Өлшеуіш сызғыш	Үстіңгі беттің тегівстігін бақылау	0 мм-ден 150 мм- ге дейін, бөлу бағасы 1 мм	1
15	Бақылау рейкасы	Үстіңгі беттің тегівстігін бақылау		1
16	Құрылыс каскасы	Қорғану құралы	-	3
17	Арнайы қолғаптар	Қорғану құралы	-	3
18	Резеңке қолғаптар	Қорғану құралы	-	3
19	Қадалары бар бәтеңке	Қорғану құралы	-	3
20	Қорғау көзілдірігі	Қорғану құралы	-	2
21	Респиратор	Қорғану құралы	-	3
22	Дәрілік қобдиша	Алғашқы медициналық көмек көрсету	-	1

## 7 Жұмыстар сапасына қойылатын талаптар

Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату кезінде жұмыстар өнгірісінің сапасы технологиялық процестерді бақылау картасында келтірілген (4-кесте).

### 4-кесте - Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақылау параметрі			Бақылау (сынама тандау) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақты жүргізуді орындаушы	Бақылау орны, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шектік ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, қателесу, дәлдік сыныбы	
<b>Кіру бақылауы</b>										
Материалдардың сапасы	Композициялар	Жоба бойынша	Жол берілмейді	Қоймалау алаңы	Түгелімен	Жұмыстарды орындаушы	Көрнекі	Ілеспе құжаттар (төлқұжаты) бойынша бақылау		Кіру бақылауының журналы
	Кварцтық құм МСТ 8736:  түйіршіктердің ірілігі, мм-ден астам емес,	Астардың жағылатын қабатының қалыңдығы 1/3	Жол берілмейді	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай		Сондай

## 4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақылау параметрі			Бақылау (сынама таңдау) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақты жүргізуді орындаушы	Бақылау орны, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шектік ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, қателесу, дәлдік сыныбы	
<b>Операциялық бақылау</b>										
Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарды орнату	Үй-жайдағы ауа төмен емес, °С	+15	Жол берілмейді	Жұмыстарды орындау учасесі	Түгелімен	Операциялық бақылауды орындауға жауапты	Өлшегіш	Термометр	Бөлу бағасы 1 °С	Жұмыстар журналы
	Үй-жайдың ылғалдылығы, %	60	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Психрометр	-	Сондай
	Негіздің ылғалдылығы астам емес, %,	4	-«-	-«-	Жұмыстарды орындау учаскесі, 50 м <sup>2</sup> – 70 м <sup>2</sup> жабынның үстіңгі бетінің немесе алаңы аз бір үй-жайдағы әрбір өлшеулердің кемінде бесеуі	-«-	-«-	-«-	Ылғал өлшегіш	-

## 4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақылау параметрі			Бақылау (сынама таңдау) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақты жүргізуді орындаушы	Бақылау орны, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шектік ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, кәтелесу, дәлдік сыныбы	
	Негіздің жай- күйі	Кірдің, қоқыстың, шаңның болуына жол берілмейді	-	Әрбір негіз	Түгелімен	Операциялық бақылауды орындауға жауапты	Көрнекі	-	-	Жұмыстар журналы
- астарлық композицияны жағу	Негіз астарының болуы және түгелімен жағылуы	-	-	Сондай	Сондай	Сондай	Көрнекі	-	-	Сондай
	Астардың кебуі	Тампонда немесе қағаз парақта астардың іздерінің болуына жол берілмейді	-	Жұмыстарды орындау учаскесі, 50 м <sup>2</sup> – 70 м <sup>2</sup> жабынның үстіңгі бетінің немесе алаңы аз бір үй-жайдағы әрбір өлшеулердің кемінде бесеуі	Таңдаумен	-«-»	Органолептикалық	Өлшемі 100 мм x 100 мм мақта- мата матамен немесе баспалық қағаз парағымен оралған мақтадан жасалған тампон	-«-»	

## 4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақылау параметрі			Бақылау (сынама таңдау) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақты жүргізуді орындаушы	Бақылау орны, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шектік ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, кателесу, дәлдік сыныбы	
- құйма композицияны жағу	Қабаттар саны	Жоба бойынша	Жол брілмейді	Жұмыстарды орындау учаскесі, 50 м <sup>2</sup> – 70 м <sup>2</sup> жабынның үстіңгі бетінің немесе алаңы аз бір үй-жайдағы әрбір өлшеулердің кемінде бесеуі	Таңдаумен	Операциялық бақылауды орындауға жауапты	Көрнекі	-	-	Жұмыстар журналы
	Жабынның төменде жатқан қабаттарының кебуі	Тампонда пайдаланылатын материалдардың ізінің болуына жол берілмейді	-	Сондай	Сондай	Сондай	Органолептикалық	Өлшемі 100 мм x100 мм мақта-мата матамен немесе баспалық қағаз парағымен оралған мақтадан жасалған тампон		Сондай
	Жабынның үстіңгі бетінің төзімділік уақыты	Дайындаушы көрсеткен мерзімге сәйкестігі	Жол берілмейді	Жабынның әрбір қабаты	Түгелімен	-«-	Өлшегіш	Сағаттар	Бөлу бағасы 1 мин	-«-

## 4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақылау параметрі			Бақылау (сынама таңдау) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақты жүргізуді орындаушы	Бақылау орны, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шектік ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, қателесу, дәлдік сыныбы	
	жабын қабатының қалыңдығы, мм	Жоба бойынша	Жобалықтан 10 % астам емес	Жұмыстарды орындау учаскесі, 50 м <sup>2</sup> – 70 м <sup>2</sup> жабынның үстінгі бетінің немесе алаңы аз бір үй-жайдағы әрбір өлшеулердің кемінде бесеуі	Таңдаумен	Операциялық бақылауды орындауға жауапты	Көрнекі			Жұмыстар журналы
	Негізбен қабысу беріктігі Тиісті үй-жай өлшемінің % жабынның белгіленген еңкісінен ауытқу	Тоқылдатқанда қайталанбайтын дыбысқа жол берілмейді	-	Еденнің барлық үстінгі беті	Сондай	Сондай	Технический	Металл балға	Салмағы 50 г	Сондай

## 4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақылау параметрі			Бақылау (сынама таңдау) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақты жүргізуді орындаушы	Бақылау орны, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелері н ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шектік ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, қателесу, дәлдік сыныбы	
		0,2	50 мм-ден аспайтын	50 м <sup>2</sup> – 70 м <sup>2</sup> жабынның үстіңгі бетінің немесе алаңы аз бір үй-жайдағы кемінде 9 өлшеулердің	Түгелімен	-«-	Өлшегіш	Бақылау рейкасы	Ұзындығы – 2,0 м, тік сызықтылықтан ауытқу 1,0 мм-ден аспайтын	
								427 бойынша өлшегіш сызғыш	0 мм-ден 150 мм-ге дейін, бөлу бағасы 1 мм	
<b>Қабылдау бақылауы</b>										
	Жабын қабатының қалыңдығы, мм	Жоба бойынша	Жобалықтан 10 % астам емес	50 м <sup>2</sup> – 70 м <sup>2</sup> жабынның үстіңгі бетінің немесе алаңы аз бір үй-жайдағы әрқайсысына кемінде 5 өлшеулердің	Таңдаумен	Жұмыстарды орындаушы	Өлшегіш			Қабылдау актісі
	Негізбен қабысу беріктігі	Тоқылдату кезіндегі дыбыс сипаттамасын өзгертуге жол берілмейді	-	Еденнің барлық үстіңгі беті	Сондай	Сондай	Техникалық	Металл балға	Салмағы 50 г	Сондай



## 4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақылау параметрі			Бақылау (сынама таңдау) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақты жүргізуді орындаушы	Бақылау орны, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шектік ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, қателесу, дәлдік сыныбы	
	Жабынның белгіленген еңкістігінен ауытқу, үй-жайдың тиісті өлшемінен %	0,2	50 мм-ден аспайтын	Жұмыстарды орындау алаңы, 20 м <sup>2</sup> жабынның үстіңгі бетінің немесе алаңы аз бір үй-жайдағы әрқайсысына кемінде 9 өлшеулердің	Түгелімен	Жұмыстарды орындаушы	Өлшегіш	Бақылау рейкасы	Ұзындығы – 2,0 м, тік бұрыштылықтан ауытқу 1,0 мм-ден астам емес	Қабылдау актісі
	Жабынның үстіңгі бетінің сапасы	Ойықтарға, жарықтарға, толқындарға, үрленіп кетулерге жол берілмейді	Жол берілмейді	Еденнің барлық үстіңгі беті	Сондай	Сондай	Көрнекі	-	0 мм-ден 150 мм-ге дейін, бөлу бағасы 1 мм	Сондай
	Еден жабынының түсі	Жоба бойынша	Сондай	Сондай	- « -	- « -	Сондай	-	-	- « -

## 8 Техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау

8.1 Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату кезінде жұмыстарды өндіру ҚР ҚНжЕ 1.03-06, ҚР ҚНжЕ 1.03-05, ҚР ҚНжЕ 2.04-10, МСТ 12.1.013, Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі қағидасының (ҚР ӨҚҚ), МСТ 12.1.004, ЭОЕ, басқа да нормативтік құқықтық актілерді, еңбек қауіпсіздігі бөлігінде композицияларды дайындаушылар нұсқаулықтарының, басқа да НҚА және НТҚ, құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ), жұмыстарды өндіру жобасының (ЖӨЖ) және осы технологиялық картаның талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Жұмыстарды орындау жобалық құжаттаманың, техникалық шешімдерді қамтитын құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ), жұмыстарды өндіру жобасының (ЖӨЖ) жұмыстар өндірісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмыскерлерге санитарлық-гигиеналық қызмет көрсету бойынша негізгі ұйымдық іс-шаралардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

8.2 Жұмыскерлер МСТ 12.4.011 сәйкес жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Жеке қорғау құралдары жоқ жұмыскерлер жұмыстарды орындауға жіберілмейді.

Композицияларды жасаумен (компоненттерді араластыру) айналысатын жұмыскерлер, арнайы киіммен және арнайы аяқ киіммен қамтамасыз етілуге тиіс.

Композицияны (компоненттерді араластыруды) дайындайтын учаске жұмыс аймағында ауада зиянды заттардың рұқсат етілген концентрациядан жоғары болуына жол бермейтін желдеткішпен жабдықталуға тиіс.

8.3 Негізді құрғақ тазалау кезінде «Лепесток» ШБ типіндегі респиратор және қорғаныш көзілдіріктер пайдалануы қажет.

8.4 Әкімшілік:

- жұмысты бастар алдында құрылымдық бөлімшенің әрбір жұмыскерінде жеке қорғау құралдарының (ЖҚҚ) болуын және істеп тұрғандығын тексеруге;

- жұмыстарды орындау процесінде жұмыскерлердің нормативтік құжаттарға сәйкес қатаң түрде ЖҚҚ пайдалануын бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

8.5 Еденнің құйма полимерлік жабындарын орнату бойынша жұмыстарды орындау учаскесіндегі жарықтандыру кемінде 30 лк (МСТ 12.1.046) болуы тиіс.

8.6 Қолмен басқарылатын машиналарды қолданған кезде МСТ 12.1.013 көзделген қауіпсіз пайдалану қағидасын, сондай-ақ дайындаушы-зауыт нұсқаулықтарын сақтау қажет.

8.7 Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнату кезінде жұмыстарды орындау кезінде МСТ 12.1.013 талаптарына сәйкес электр қауіпсіздігінің талаптарын сақтау қажет.

Электр қондырғыларына қызмет көрсету бойынша жұмыстарға медициналық қараудан өткен, жұмыстардың тарифтік-біліктілік және электр қауіпсіздігі бойынша 1-ші біліктілік тобы жұмыскерлерінің кәсіптері анықтамалығына сәйкес тиісті біліктілігі бар және қауіпсіздік (электр қауіпсіздігі) техникасы бойынша нұсқаулықтан өткен және білімі тексерілген 18- жасқа толған адамдар жіберіледі.

Жұмыскерлер адамға электр тоғының әрекетін тоқтатудың қауіпсіз тәсіліне және электрден зақым алған кезде дәрігер келгенге дейін алғашқы көмек көрсетуге оқытылған болуы тиіс.

Электр қондырғыларын пайдаланумен жұмыстарды қауіпсіз өндіруге жауаптылық осы жұмыстарды өндіруді басқаратын адамдарға жүктеледі.

Сымдарды қосумен (ажыратумен) және қолмен басқарылатын электр машиналарымен байланысты жұмыстарды қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті біліктілік тобына ие электр техникалық персонал орындауға тиіс.

Электр қауіпсіздігінің талаптарын қанағаттандыратын жылжымалы электр қондырғыларының электр желісін, қолмен басқарылатын машиналарды қосуды олармен жұмыс істеуге жіберілген персоналдың орындауына рұқсат етіледі.

Құрылыс алаңында қолданылатын ажыратқыштар, рубильниктер және басқа да коммутациялық электр аппараттары қорғалған орындауда болуы тиіс.

Сыртқы электр сымдарын уақытша электрмен қамтамасыз еткенде кемінде мынадай метрде жерден, еденнен, төсеніштен жер деңгейі тіректерінде орналасқан оқшауланған сыммен орындалуы тиіс:

- 2,5 – жұмыс орнынан;
- 3,5 – өтетін жерлерден.

Авариялық жағдайлар туындаған жағдайда:

- авариялық жағдайды туғызған тоқ көзін тоқтан ажырату;
- электр құралын (машинаны, жабдықты, механизмді) сөндіріп, кернеуді ажырату;
- авариялық арнайы қызметті шақыру, басшылыққа хабарлау, зардап шеккендерге көмек көрсету қажет.

8.8 Жұмыстағы үзілістер кезінде компоненттермен ыдысты тығынмен немесе қақпақпен жабу және ұшқын шығаруды туғызбайтын құралмен ашу қажет.

8.9 Құрылыс алаңындағы, жұмыстар учаскесіндегі және жұмыс орындарындағы өрт қауіпсіздігін Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі қағидасының (ҚР ӨҚҚ) талаптарына сәйкес қамтамасыз ету қажет.

#### **8.10 Қоршаған ортаны қорғау**

Құрылыс өндірістерін ұйымдастырған кезде қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын жүзеге асыру керек. Көрсетілген іс-шаралар мен жұмыстар жобалық-сметалық құжаттамада көзделуі тиіс.

Полиуретаннан жасалған едендердің құйма полимерлік жабындарын орнату кезінде жұмыстарды орындау кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алатын және жоятын іс-шаралар, сондай-ақ өндіріс қалдықтарын орналастыру тәсілдерін көзделуі тиіс, ресурс үнемдеуші, аз қалдық қалдыратын, қалдық қалдырмайтын және қоршаған ортаны қорғауға, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануға және жасауға ықпал ететін өзге де үдерісті технологиялар қолданылуы тиіс.

Жобалық құжаттамада көзделмеген және белгіленген тәртіпте келісілген және бекітілген қоршаған ортаға әсер ететін жұмыстарды орындауға тыйым салынады.

Жұмыстарды орындаған кезде:

-жердің бетін, су қоймаларын, атмосфераны қалдықтармен (шаң, ұшатын заттары буланатын өнім және басқа да химиялық заттар, шу, дірілдер және т.б.), сол сияқты өнімдермен және технологиялық әсер етулермен ластауды болдырмау. Қалдықтарды жинау және кәдеге жарату қолданыстағы НҚА-ға сәйкес ұйымдастырылуы тиіс. Өндіріс қалдықтары Қазақстан республикасы денсаулық сақтау істері жөніндегі уәкілетті органның санэпидемқадағалау органымен келісілген жерлерге апарылуы тиіс.

Пайдаланылмаған материалдарды, ыдысты және т.б. қазып жабуға (көмуге) шашыраңқы қоқыс үйінділерін жасауға тыйым салынады.

## 9 Еңбек шығындарының калькуляциясы

9.1 Полиуретаннан жасалған полимерлік құйма едендер жабындарын орнату кезінде еңбек шығындарының калькуляциясы бұрын жүргізілген еңбек шығындарының хронометражына негізделе отырып талдамалық-есептік әдіспен орындалған.

9.2 Еңбек шығындарының калькуляциясы «Ризопокс» үлгісіндегі полиуретаннан жасалған полимерлік материалдардың базасында орындалған.

9.3 Еңбек шығындарының калькуляциясында қалыңдығы 3 мм полиуретаннан жасалған полимелік құйма едендер жабындарын орнату көзделген.

9.4 Еңбек шығындары мына формула бойынша есептелді:

$$Ш = \frac{Ш_1}{60} \cdot n,$$

мұнда Ш – еңбек шығындары, адам-сағатпен;

Ш<sub>1</sub> – нақты объектіде нормаланған жұмыстардың түрлеріне еңбек шығындары, минутпен;

n – нормалау кезінде жұмыс түрімен айналысатын жұмысшылардың саны.

9.5 Еңбек шығындарының нормативтері ауысым есебінен бір жұмысшыға ұзақтығы 8 сағатқа келтірілді.

9.6 Нормалармен жұмыстар құрамында технологиялық процестің ажырамас бөлігі болып табылатын ұсақ қосалқы және дайындық операциялары есепке алынды, бірақ келісілген жоқ.

**Полиуретаннан жасалған едендердің полимерлік құйма жабындарын орнатуға еңбек шығындарының калькуляциясы**

Жұмыстар көлемі – 100 м<sup>2</sup> еден жабынына

№ р/с	Өлшем бірлігі	Көлемі	Еңбек шығындары мин.	Көлемге еңбек шығындары адам-с (маш. -с)
<b>Негізгі жұмыстар</b>				
1	100 м <sup>2</sup> еден жабыны	1	5,7 (2,8/2,5)	5,7 (2,8/2,5)
2	10 м <sup>3</sup> дайын құрам	0,3	0,23 (0,18)	7,59 (5,94)
3	100 м <sup>2</sup> еден жабыны	1	15,93	15,93
4	100 м <sup>2</sup> еден жабыны	1	8,7 (2,5)	8,7 (2,5)
5	100 м <sup>2</sup> еден жабыны	1	26,3	26,3
6	100 м <sup>2</sup> еден жабыны	1	0,73	0,73
(электрлі тегістегіш машина/өнеркәсіптік шаңсорғыш/электр бұрғы (миксер)				<b>ЖИЫНЫ:</b> 64,95 адам-с (2,8/5,0/5.94 маш.-с)

## Кесте (жалғасы)

Жұмыстар көлемі – 100 м<sup>2</sup> еден жабынына

№ р/с	Өлшем бірлігі	Көлемі	Еңбек шығындары мин.	Көлемге еңбек шығындары адам-с (маш. -с)
<b>Қосалқы жұмыстар</b>				
7	1 т	0,345	0,44	0,15
8	1 т	0,345	1,28	0,44
<b>ЖИЫНЫ:</b>				<b>0,59 чел.-с.</b>
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>				<b>65,07 адам-с.</b>
(электрлі тегістегіш машина /өнеркәсіптік шаңсорғыш/электр бұрғы (миксер)				<b>(2,8/5,0/5,94 маш.-с)</b>

65,54 адам-с – құрылысшы-жұмысшылар еңбегінің шығыны;  
 2,8 маш.-с – маш.-с – электрлі тегістегіш машинасын пайдалану;  
 5,0 маш.-с – өнеркәсіптік шаңсорғышты пайдалану;  
 5,94 маш.-с – миксерді (салғышы бар электр бұрғысын) пайдалану.

**Содержание**

1 Область применения .....	27
2 Нормативные ссылки .....	27
3 Общие положения .....	28
4 Характеристики основных применяемых материалов и изделий .....	30
5 Организация и технология производства работ .....	30
6 Потребность в материально-технических ресурсах .....	39
7 Требования к качеству работ .....	41
8 Техника безопасности и охрана труда .....	48
9 Калькуляции затрат труда .....	50

TK 3.02-01-2011

**БЕЛГІ ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---



## ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА ПРОИЗВОДСТВА РАБОТ ПО УСТРОЙСТВУ ПОЛИМЕРНЫХ НАЛИВНЫХ ПОЛОВ ИЗ ПОЛИУРЕТАНА

Дата введения 2012.05.01

### 1 Область применения

1.1 Технологическая карта производства работ по устройству полимерных наливных полов из полиуретана разработана в соответствии с требованиями действующих нормативно-технических документов (НТД) и предназначена для применения на строительных объектах Республики Казахстан.

1.2 Технологическая карта предназначена для обеспечения строительства рациональными решениями по организации, технологии и механизации производства строительных работ.

1.3 В технологической карте приведены:

- область применения;
- нормативные ссылки;
